

Ата-аналарға кеңес

«Тіл – ұлттың жаны»

Ана тілі – халық байлығының сарқылмас мұрасы, келер ұрпақтың рухани азығы, тәрбие тірегі. Осындай халық қазынасын меңгерту бесік тәрбиесінен, ана әлдиінен басталатыны белгілі.

Тіл үйрету мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жұмыстарының негізі болуға тиіс. Өйткені, баланың сөздік қорының нығаюы, оның танымдық қабілетін арттырып, ой өрісін кеңейтеді. Бала сөйлеуді үйрене келе, айналадағы дүниені танып, біледі. Көрген-білгенін басқаларға сөз арқылы жеткізіп, тілдеседі. Осының өзі оның білім-дағдысының молайып, күнделікті өмірден алған әсерінің нығая түсуіне себеп болады.

Тіл – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасу барысында, ой өрісін, ақыл-парасатын, адамгершілігін, эстетикалық сезімін жетілдіру міндеттерін жүзеге асырудың ең басты құралы. Бала тілін дамытып, қалыптастыруда ұлтымыздың ауыз әдебиетінің тигізер ықпалы зор. Халқымыздың ертегілері, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, жұмбақ-жаңылтпаштары әдеби, көркем тілмен беріледі.

Тілді дамытудың тиімді құралдарының бірі – жаңылтпаш, жұмбақ. Мысалы, балаға жаңылтпаш, жұмбақ айтқызу – оны тапқырлыққа үйретеді, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды. Сондай-ақ, тілді дамытуда ертегілердің де атқаратын рөлі өте зор.. Ертегілерді баланың оқуы, не тыңдауы, мазмұнын қайталап айтып беруі сөздік қорын молайтып қана қоймай, қиялын тілмен айтып жеткізуге мүмкіндіктер туғызады. Ертегі сюжетіне қатысты түрлі-түсті суреттерді пайдалану арқылы әңгімелесу – баланың эстетикалық талғамы мен танымдылық әрекетіне қозғау салары хақ.

Қазақ тілі – біздің ана тіліміз ғана емес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекетіміздің әр азаматы оны білуге тиіс! Сондықтан қазақ тілін, «болашақта жақсы адам болу үшін – үйренеміз» деп, тілді балабақшадан бастап оқыту керек. Орыс топтарында тіл үйретудің негізі – олардың сөздік

қорын байыту және үйренген жаңа сөздеріне дұрыс екпін түсіріп, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

Өмірде күнделікті қолданылатын сөздер сабақ барысында қайталанып отыруы керек. Сөздік қордың молаюы үшін күнделікті өмірмен ұштастыра отырып, бала санасына сіңірген абзал. Сол сияқты бала тілінің дамуына ойындардың да маңызы зор.

Ойын – баланың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сол себепті, балалар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Бүгінгі таңда, білім беру барысында түрлі дидактикалық, логикалық, сюжетті, спорттық, ұлттық, шығармашылық т.б. ойындарды пайдалану маңызды.

Дидактикалық ойындарды пайдалану арқылы баланың дұрыс та ұғынықты сөйлей білуін, сондай-ақ ойын ситуациялары арқылы олардың ынтасы мен зейінін арттыруға болады. Тіл – халықтың ажары, базары, бағы. Жас ұрпақты көзін ашып, есін білгеннен бастап өзіміздің мемлекеттік тілге бет бұрғызып, халқымыздың рухында тәрбиелеу – заман талабы.

Дайындаған қазақ тілі мұғалімі: Исиргепова А.А